

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаты
Б.С. Ізмұхамбетовке

2023 жылғы 24 мамырдағы № ДС-181 хатқа

Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы!

Құрылыс саласында отандық тауар өндірушілерді қолдауға қатысты Сіздің сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Құрылыс саласындағы қазақстандық қамту үлесін ұлғайту жолымен отандық кәсіпкерлерді қолдау мақсатында тиісті нормативтік шаралар қабылданды.

Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) функцияларын жүзеге асыру қағидаларында конкурсқа қатысушыларға жергілікті өндірістің құрылыс материалдары мен жабдықтарын пайдалану бойынша талаптар белгіленген, оның қорытындысы бойынша мердігер ұйымдар актілер нысанында есеп береді (ҰЭМ-нің 19.03.2015 ж. №229 бұйрығы).

Сонымен қатар, «Мемсараптама» РМК (бұдан әрі – мемсараптама) базасында бірыңғай портал жұмыс істейді, онда сараптамадан өткен барлық жобалардың жиынтық ресурстық ведомостары жария түрде орналастырылған (бүгінгі күні бірыңғай порталда бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жобалар бойынша 20 мыңнан астам жиынтық ведомостар жүктелген).

Тапсырыс берушілер порталда материалдық ресурстар мен жабдықтардың қазақстандық қамтуын, оның ішінде қажетті көлемін ескере отырып жиынтық ведомосін жариялайды.

Осылайша, бұл портал отандық тауар өндірушілерге барлық жоспарланған құрылыс объектілерінің санын (соның ішінде құрылыс материалдарына қажеттілік көлемін) көруге және өздерінің операциялық-қаржылық қызметін алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген мемлекеттік сараптама порталы мемлекеттік сатып алу порталымен интеграцияланған, онда мердігерлер шыққан

елін көрсете отырып, құрылыс материалдар мен жабдықтарды сатып алу жөніндегі жоспарларды жариялайды.

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына (ИИДМ-нің 26.05.2022 ж. № 286 бұйрығы) сәйкес, қазақстандық құрылыс материалдары мен жабдықтарын пайдалану жөніндегі есептер жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілгенін қосымша хабарлаймыз.

Сонымен қатар, қолданылатын құрылыс материалдарының номенклатурасын көрсететін электрондық тізілімде жиынтық ведомостарды орналастырудың тұрақты мониторингі жүзеге асырылады.

Осылайша, жоғарыда аталған механизмдер жергілікті құрылыс материалдарын қолдануды реттеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте әзірленіп жатқан құрылыс кодексі шеңберінде отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі қосымша шаралар ескерілетін болады.

Ә. Смайылов

*Орынд: С.Жанкалов
Тел: 74 53 50*

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутату
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан
Измухамбетову Б.С.

на № ДС-181 от 24 мая 2023 года

Уважаемый Бактыкожа Салахатдинович!

Рассмотрев Ваш запрос касательно поддержки отечественных товаропроизводителей в строительной отрасли, сообщаем следующее.

В целях поддержки отечественных предпринимателей путем увеличения доли казахстанского содержания, в сфере строительства приняты соответствующие нормативные меры.

Так, Правилами осуществления функций заказчика (застройщика) участникам конкурсов установлены требования по использованию строительных материалов и оборудования местного производства, по итогам которого подрядными организациями предоставляется отчет в форме актов (*приказ МНЭ от 19.03.2015г. №229*).

Вместе с тем, на базе РГП «Госэкспертиза» (далее – госэкспертиза) функционирует Единый портал, где публично размещены сводные ресурсные ведомости всех проектов, прошедших экспертизу (*на сегодняшний день на Едином портале загружено более 20 тыс. сводных ведомостей по проектам финансируемых из бюджетных средств*).

Заказчики опубликовывают на портале сводную ведомость материальных ресурсов и оборудования с учетом казахстанского содержания, в том числе по необходимому количеству.

Таким образом, данный портал дает возможность отечественным товаропроизводителям увидеть количество всех планируемых объектов строительства (*в том числе объемы потребности стройматериалов*) и заблаговременно планировать свою операционно-финансовую деятельность.

Кроме того, вышеуказанный портал госэкспертизы интегрирован с порталом государственных закупок, где подрядчики публикуют планы по закупке строительных материалов и оборудования, с указанием страны происхождения.

Дополнительно сообщаем, что в соответствии с Правилами формирования и ведения базы данных товаров, работ, услуг и их поставщиков (*приказ МИИР от 26.05.2022г. № 286*), отчеты по использованию строительных материалов и оборудования казахстанского содержания отражены в проектно-сметной документации.

Наряду с этим, осуществляется постоянный мониторинг размещения сводных ведомостей в электронном реестре, который отображает номенклатуру применяемых строительных материалов.

Таким образом, вышеуказанные механизмы позволяют регулировать применение местных строительных материалов. При этом дополнительные меры по поддержке отечественных товаропроизводителей будут учтены в рамках разрабатываемого Строительного кодекса.

А. Смаилов

*Исп: С.Жанкалов
Тел: 74 53 50*